

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 31 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны (175-конвенция) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Шәпкенов Серік Жамбылұлына беріледі.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Құрметті Мәулен Сағатұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

«Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2019 жылғы 18 қазандағы отырысында қолдау тапты.

Аталған конвенция 1994 жылғы 24 маусымда Халықаралық еңбек ұйымының бас конференциясында қабылданды.

4-бапқа сәйкес конвенция толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін, атап айтқанда:

ұжымдық келіссөздер жүргізу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;

ананы қорғау, жыл сайынғы ақылы демалыс беру;

еңбек және қызмет аясында кемсітушілікке жол бермеу мәселелерін толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмыскерлердің құқықтары сияқты қорғауды көздейді.

Осы конвенция жекелеген жұмыскерлер мен кәсіпорындардың санаттарын қоспағанда экономикалық қызметтің барлық салаларына қолданылады.

Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылғы төртінші тоқсанның қорытындысы бойынша әртүрлі салаларда 470 мыңға жуық жұмыскер толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыс істеген. Олардың жартысына жуығы аптасына 20 сағаттан аз жұмыс істегендер. Олардың көпшілігі ауыл шаруашылығы, білім беру және өнеркәсіп салаларында еңбек еткен.

Конвенцияға сәйкес «толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін» термині толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін және салыстырмалы жағдайда болатын жұмыскердің жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығынан аз жұмыс істейтін жұмыскерді білдіреді.

Конвенцияда экономикалық немесе техникалық себептер бойынша жұмыс ұзақтығы нормаларының уақытша қысқаруына байланысты ішінара жұмыссыздық жағдайында қалған толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмыскер толық емес жұмыс уақытындағы жұмыскер бола алмайды деп көзделген.

Конвенцияның 5-бабына сәйкес толық емес жұмыс уақытында жұмыспен қамтылған жұмыскерлердің негізгі жалақысы сол әдістермен есептелетін толық жұмыс уақытында жұмыспен қамтылған және салыстырмалы жағдайдағы жұмыскерлердің негізгі жалақысынан кем болмауға тиіс деп көзделген.

Өз кезегінде конвенцияда көзделгендей Ұлттық еңбек заңнамасында жұмыскерлерге еңбекақы төлеу саласында мемлекеттік кепілдіктер қарастырылған.

Бұдан әрі конвенцияның 6 және 7-баптарына сәйкес толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін әлеуметтік қамсыздандыру жүйелері толық жұмыс уақытында істейтін жұмыскерлерге ұқсас болуы тиіс. Бұл шарттар жұмыс уақытының ұзақтығына, жарналарға немесе кірістерге пропорционалды түрде анықталуы мүмкін.

Ұлттық еңбек және әлеуметтік заңнама толық уақыт жұмыс істейтін жұмыскерлермен салыстырғанда толық емес жұмыс уақытында істейтін жұмысшылардың құқықтарын шектемейтінін атап өткен жөн. Атап айтқанда, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен әлеуметтік төлем жұмыскердің сақтандырылған орташа айлық табысына және оның жүйеге қатысу өтіліне тікелей байланысты, яғни жұмыспен қамтылу формасына немесе түріне байланысты емес.

Конвенцияны ратификациялау мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындарына, теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарларға алып келмейді.

Конвенцияны қабылдау толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмыскерлерді кемсіту бойынша еңбек дауларына әкелмейді деп ойлаймыз. Сондай-ақ конвенцияны қабылдау жұмыс істейтін азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және Қазақстанның осы саладағы халықаралық нормаларды сақтау мен орындауға бейілділігін растайды.

Баяндама аяқталды. Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Серік Жамбылұлына арналады. Заң жобасын қабылдау барысында менде заң жобасы қандай мақсатта қолданылып жатыр деген сұрақ туындайды.

Біз қарастырып отырған конвенция 1994 жылы қабылданған болатын. Енді оны 28 жылдан кейін ғана қарастырып отырмыз. Халықаралық еңбек ұйымының 187 мүшесінің тек 18 мемлекетінде ғана бұл конвенция ратификацияланды. Сонымен қатар Қазақстанның Еңбек кодексі толық емес жұмыс уақыты мәселелерін толық регламенттеген және жалпы конвенцияға қайшы келмейді.

Қазір біз Ресейде кәсіпкерлер өз бизнесін сақтау үшін толық емес жұмыс режимін шұғыл түрде енгізгенін көріп отырмыз.

Осыған байланысты менің сұрағым:

конвенцияны қабылдау өзектілігі пандемия мен көрші елдердің экономикалық санкциялары сияқты экономикадағы халықаралық өзгерістерге байланысты ма?

Қазақстанда осындай толық емес жұмыс уақыты режимі ауқымды енгізілуі мүмкін бе? Рақмет.

ШӨПКЕНОВ С.Ж. Қанатбек Бейсенбекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бұл өзгерістер болып жатқан пандемияға немесе көрші елдерде болып жатқан жағдайға байланысты емес. Байқасаңыз, оны мен баяндамамның басында айтқан болатынмын.

2019 жылы 18 қазанда Халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында бұл ратификация қолдау тапқан болатын.

Пандемия 2019 жылдың желтоқсан айында басталды, сол кезден бастап осы жұмыс жүрді. Өкінішке қарай, пандемияның кесірінен Халықаралық еңбек ұйымынан осы конвенцияның нақты аудармасын алу барысында кішкене уақытты созып алдық. Қазіргі таңда қаралып жатқандығы осы жағдайға байланысты.

Бұл жерде тағы айта кететін бір жағдай, конвенцияда екі мәселе қарастырылған: «толық емес жұмыс режимі» деген ұғым режимнің анықтамасына енгізіліп отыр, ал егер жұмыс берушілерді экономикалық себептермен, тағы да басқа жағдайлармен толық емес жұмыс процесіне ауыстыратын болсақ, ол толық емес жұмыс істейтін адамдардың режимі болып саналмайды. Ол біздің заңнамада да солай, конвенцияда да солай. Сондықтан бұл керісінше қазір толық емес жұмыс режимінде жұмыс істеп жүрген азаматтардың құқығын қорғау және сол құқықты толық жұмыс істеп жүрген азаматтармен бірлестіру жөнінде істелген қадам.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Серік Жамбылұлы! Қаралып отырған конвенцияның 7-бабында толық емес және толық жұмыс уақытында қызмет істейтін азаматтардың жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы бірдей болуын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдануы тиіс екендігі көрсетілген, яғни жұмыс уақытының толық немесе толық еместігіне қарамастан қызметкерлердің еңбек демалысының ұзақтығы бірдей болуы қажет.

Осыған байланысты менің сұрағым мынадай: аталған норма толық жұмыс күні қызмет істейтін азаматтардың құқығын бұзу болып табылмай ма?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Сұрағыңызға рақмет, Дана Өмірбайқызы. Өте орынды сұрақ.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Егер сұраққа бірден жауап беретін болсақ, бұл негізінен құқығын бұзу болып табылмайды, себебі бұл жерде біз екі терминді ажыратып отырмыз: толық жұмыс режимінде істейтін қызметкерлер және толық емес режимде істейтіндер.

Толық емес режимде жұмыс істейтін қызметкерлер кімдер болуы мүмкін деген сұрақ туындайды. Мысалы, кейбір кәсіпорындарда бір-екі сағатқа медицина қызметкерлерін жалдайды, себебі техникаларды шығарар алдында жүргізушілерді сараптамадан өткізеді. Міне, осындай жағдайда ол кісінің өзінің еңбек демалысын алуға құқығы пайда болу керек. Сондықтан бұл жерде толық жұмыс істейтін кісінің де, толық емес режимде жұмыс істейтін кісінің де еңбек демалысын алуға және күнге қатысты бірдей еңбек демалысын алуға құқығы бірдей болады. Бұл ұзақтығына байланысты. Ал қаражатына қарайтын болсақ, онда екеуінің айырмашылығы болады. Себебі жұмыс істеуіне байланысты олардың жәрдемақылары бөлек есептелінеді, сәйкесінше бұл біріне-бірі қайшы келмейді.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Серік Жамбылұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Халықаралық еңбек ұйымының №175 конвенциясы толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін еңбекшілердің салыстырмалы түрде толық жұмыс уақытында жұмыс істейтін еңбекшілер сияқты қорғанысқа ие болуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды көздейді.

Бұл конвенция жұмыспен қамтудың қосымша мүмкіндіктерін қарастырады. Жұмыс уақыты толық емес еңбеккер үшін ұжымдық келіссөз жүргізу, еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы, жыл сайынғы ақылы демалыс немесе мереке күндерінде жұмыс істесе ақы төлеу құқығы және басқа да құқықтары қарастырылған. Сондай-ақ Халықаралық еңбек ұйымының конвенциясы отбасылық міндеттері бар әйелдердің еңбегін қолдануға байланысты туындайтын қатынастарда қолданылады.

Еліміздің еңбек заңнамасы осы конвенцияның негізгі ережелері мен талаптарына толық көлемде сәйкес келетінін атап өткен жөн. Қазақстан осы конвенцияны ратификациялау арқылы еңбек құқықтарын сақтауда халықаралық нормаларды пайдалану мен оны орындауға қажетті шарт ретінде қарайды.

Заң жобасы жұмыс тобы мен бас комитеттің отырыстарында жан-жақты талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті заң жобасын қабылдауды ұсынады. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айгүл Жарылқасынқызы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгін ұсынылған «Толық емес жұмыс жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны (175-конвенция) ратификациялау туралы» Заң жобасында баяндамашы мен қосымша баяндамашы айтып өткендей, әркім өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын басқалармен тең пайдалана алатындай жағдайлар жасау көзделеді.

Конвенцияны ратификациялау біздің азаматтарымызды жұмыспен қамту саласындағы саясатты жетілдіруге және толық емес жұмыс күні жұмыс істейтін еңбекшілердің құқықтарын қорғау үшін шараларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Менің ойымша, мұндай саясат азаматтардың белгілі бір топтарының қажеттіліктері мен тілектеріне жауап береді деп есептеймін. Мәселен, үйде жұмыс істейтін жұмысшыларға, оның ішінде бала күтімімен және үй шаруасымен айналысатын аналарға қолдау көрсете аламыз.

Жұмыс істеуге қабілетті, бірақ толық жұмыс күні жұмыс істей алмайтын кейбір мүгедек адамдар үшін бұл сондай-ақ тең еңбек жағдайларын ала отырып, еңбек ету арқылы өзіне табыс табу құқығын іске асыру мүмкіндігі болады. Мысалы, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы немесе сырқаттануы бойынша демалыс алу құқығы.

Конвенцияның өзектілігі пандемия жағдайында жұмысшылардың қашықтан жұмыс істеуге шығуы көптеген салалардағы процестерді цифрландыру арқылы айқын болды. Ол бірінші кезекте халықты жұмыспен қамтудың қосымша мүмкіндіктерін құруға, кемсітусіз еңбек ету құқығына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға бағытталған.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарға байланысты ұсынылған заң жобасын мен қолдаймын және сіздердің қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны (175-конвенция) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бұл конвенция толық емес жұмыс уақыты бойынша еңбек ететін азаматтардың мүдделерін қорғауды көздейді. Нақты айтқанда олардың жалақы алуға, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына, әлеуметтік қамсыздандыруға, жыл сайынғы ақылы немесе ауруы бойынша демалысына қатысты құқықтарын қорғайды.

Алдағы уақытта конвенция бұл бағыттағы халықаралық стандарттарды елімізде одан әрі енгізуге қызмет етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Министрдің микрофонын қосыңыздар.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Осы қолдауларыңызға өзімнің ризашылығымды білдіргім келеді және де осы конвенцияда көрсетілген мәселелерге байланысты толық емес жұмыс уақытында жұмыс істейтін жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін біздің министрлік әрі қарай жұмыс атқаратын болады. Соған сендіргім келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сау болыңыз.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің атына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Жуырда Қызылорда облысына арнайы іссапармен барып, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарындағы ауыл шаруашылығының құрылым басшылары және дихандармен кездесу барысында олардың айтқан ұсыныс-тілектері осы депутаттық сауалды жолдауға негіз болды. Өңірдің аграрлық саласының негізгі дақылы күріш өсіру және өндіру, ол еліміздің ішкі нарықтағы сұранысының 80 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Алайда осы салада жылдар бойы қордаланып келе жатқан мәселе әлі күнге дейін шешімін таппақ түгіл, қайта күрделене түсуде. Облыстағы суармалы жерлердің жағдайы сын көтермейді, яғни тиісті қаржы бөлінбегендіктен суармалы жерлердің су және кәріздік жүйелері уақытылы тазаланбайды, ұйық басып, жердің шамадан тыс сорлануы мен тұздануына әкеп соғуда. Дамыған елдерде 1 метр куб суға 4-6 килограмм ауыл шаруашылығы өнімі өндірілсе, бізде небары 0,4-0,8 килограмм, яғни 6 есе өнім аз алынады. Ал 1 килограмм өнім өндіруге дамыған елдерде 160-400 литр су жұмсалса, бізде 1200-2500 литр су жұмсалады. Демек еліміздегі суармалы жерлердің гидромелиоративтік жағдайы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Бұл Үкімет тарапынан назар аударарлық мәселе.

Егіннен жоғары өнім алудың бірден-бір кепілі қажетті минералдық тыңайтқыштар мен гербицидтердің уақытылы әрі нормаға сай берілуі. Биыл минералдық тыңайтқыштардың бағасы өткен жылмен салыстырғанда 2,5-3 есеге дейін қымбаттап кеткен. Мысалы, Өзбекстанда өндірілетін карбамид минералдық тыңайтқышының тоннасы 250 мың теңге, оны тікелей сатып алу мүмкіндігі болмағандықтан ортадағы делдалдық қызмет көрсетуші монополист оны 350 мың теңгеден сатуда. Сол сияқты өзімізде

өндірілетін аммофос тыңайтқышын «Қазфосфат» ЖШС-нен тікелей сатып ала алмағандықтан күрішшілер оны ортадағы делдалдардан қымбат бағаға алуға мәжбүр.

Диханшылар қазіргі нарықтағы несиелер серіктестіктерінен несиелер алу үшін құжаттарды дайындау, рәсімдеу өте ұзақ уақыт алып, несиелер қысқа мерзімге беріліп келетіндіктен бұл несиелерге көпшілігінің қолы жете бермейтіндігін айтып, осыны жеңілдетуді сұрайды.

Өңірдегі су тапшылығы жағдайында әртараптандыру бағытында күріштен басқа суды аз қажет ететін жүгері, жоңышқа, арпа, қант қызылшасы сияқты дақылдарға бейімдеу қажет. Қазіргі таңда облыс шаруашылықтарының қолданыстағы техникаларының 90 пайызы күріш дақылды орналастыру мен жинауға бағытталған. Сондықтан да күріш дақылдан басқа дақылдарды орналастыруға, күтіп баптауға жұмсалған шығындарды ішінара өтеуге Үкімет тарапынан қолдау жасау қажет.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда айтылғандарға байланысты күріш шаруашылығының ерекшелігін ескере отырып Үкімет тарапынан тиісті іс-шараларды қабылдауға ықпал етуіңізді сұраймыз. Сонымен қатар біріншіден, еліміздегі ең үлкен су тұтынушы су қорының 60 пайызын егін суару мақсатында пайдаланады. Сондықтан да бұрыннан бері айтылып келе жатқан «Мелиорация туралы» Заң аса қажет екенін қазіргі жағдай көрсетіп отыр. Бұл заңда жерді мелиорациялау бойынша мемлекеттік органдар мен жер пайдаланушылардың жауапкершілігі, су шаруашылығына қатысты мемлекеттік реттеу шаралары терең нақтылануы тиіс.

Екіншіден, біздің ауыл шаруашылық өндірушілері Евразиялық экономикалық одақтағы Ресей, Беларусь елдерінің ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілермен бәсекеге түсе алмай отыр. Өйткені бұл елдердің шаруаларының жері мен мүлкін кепілдікке алып, ұзақ мерзімге арзан несиелер беретін, бөлімшелері барлық аудандарда орналасқан агробанктері жұмыс жасайды.

Бірыңғай экономикалық кеңістікте жұмыс істеуде бірдей жағдай жасау және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде отандық шаруалардың бәсекелестік қабілетін арттырып, арзан, ұзақ мерзімді несиелер беру үшін осы кезге дейін Парламент қабырғасында бірнеше рет көтеріліп, бірақ шешімін таппай жатқан мамандандырылған ауыл шаруашылық банкі ашу мәселесін арнайы қарауыңызды, оның оң шешілуін бүкіл шаруалар күтіп отырғанына назарыңызды аударғымыз келеді.

Құрметпен, сенаторлар Бақтиярұлы, Әлназарова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Еліміздің экология мәселесі басты назарда болуға тиіс. Әсіресе, ауаның тазалығы айрықша маңызды», – деп атап өтті.

Антропогендік және табиғи факторлар нәтижесінде ластағыш заттардың шектен тыс мөлшерінің атмосфералық ауаға түсуі, қоршаған ортаның зиянды заттар мен техногенді

қалдықтармен ластануы бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі көтеріліп жүр және қоғамның назарын аударып отырған өзекті проблемалардың бірі. Бүгінде қоршаған ортаға келтіріліп жатқан экологиялық зардаптар қала тұрғындарының өмір сапасына және тұрмыс жағдайына қолайсыздық тудырып жатқаны баршамызға мәлім. Экологтардың айтуынша қала атмосферасының зиянды шығарындылармен ластануының жоғары деңгейі денсаулыққа және өлім-жітім динамикасына теріс әсер етуде. Бұл жыл сайын орта есеппен 2 пайызға артып келеді. Зерттеулерге сәйкес үш жыл ішінде қатерлі ісіктері бар науқастардың саны 14 пайызға өскен.

Қазгидрометтің деректері бойынша бүгінгі күні елімізде Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған және Шымкент қалалары ауаның ластану деңгейі жоғары аймаққа жатады.

Ресми деректер бойынша 2020 жылы Қазақстан өңірлері арасында қоршаған ортаға тасталған зиянды заттардың жартысынан көбі Павлодар және Қарағанды облыстарына тиесілі. Мәселен, «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы жылына 250 мың тоннаға дейін зиянды шығарындылармен ауаны ластайды. Шаң, күкірт және азот диоксиді, көмірсутек, қорғасын, хлорсутек, аммиак сияқты атмосфераны ластаушы заттардың адам ағзасына аса зиянды екендігі ежелден дәлелденген.

Қазақстан Париж келісіміне орай 2030 жылға парниктік газдарды 15 пайызға қысқартуды міндетіне алған. Есепті кезеңде нысаналы индикаторлардың орындалмауына байланысты экология мәселелерінің Жол қарталары пысықталып, нақтылануы керек және іс-шаралардың нәтижелі жүзеге асырылуы тиіс деп санаймыз. Сондай-ақ қазіргі уақытта Қазақстан көміртекті бейтарап дамудың 2060 жылға дейінгі доктринасымен жұмыстар жүргізуде. Бұл ел мүддесі үшін табиғат және климатқа ұқыпты қараудың негізін қалауы керек.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда айтылғандардың өзектілігін ескере отырып, төмендегі сауалдарға жауап жолдауыңызды сұраймыз.

1. Елімізде «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы сияқты ірі кәсіпорындар тарапынан өндірісте экологиялық таза технологияларды енгізу мақсатында қандай инвестициялық жобалар іске асырылуда? Басқа да шетелдік компаниялардың басқаруындағы кәсіпорындарға осы мақсатта салынған инвестициялар көлемі қандай?

2. Ірі өндірістерге озық қолжетімді технологияларды енгізу, жаңарту, шығарындыларды тазарту және сүзгілеудің жаңа жүйелерімен жабдықтау бойынша алған міндеттемелерін орындамаған басқарушы компанияларға қандай нақты шаралар көзделуде?

3. Қазақстан бойынша автокөліктерді сапалы жанар-жағармаймен қамтамасыз етудің, сұйық отыннан сұйытылған көмірсутекті газдарға көшірудің, электроавтомобильдерді өңірлерде ынталандырудың кешенді шаралары қабылданған ба? Қабылданса қандай нақты шаралар белгіленген?

4. Құзыретті мемлекеттік органдар тарапынан кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің, жалпы қоғамның табиғатқа, оның байлығына деген көзқарасын өзгерту мақсатында экологиялық ағарту және экологиялық мәдениетті арттыру жөніндегі кешенді шаралар қабылданған ба?

5. Елімізде көміртекті бейтараптылыққа қол жеткізу үшін тиісті уәкілетті органдар тарапынан нақты Жол картасы немесе іс-шаралар жобасы бекітілген бе? Бекітілсе олар қандай индикаторлармен нақтыланған?

Құрметпен, Сенат депутаттары Нұралиев, Күрішбаев, Жұмағазиев, Булавкина». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 31 наурыз

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны (175-конвенция) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Конвенции о работе на условиях неполного рабочего времени (Конвенция 175)», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.Ж. ШӘПКЕНОВТІҢ баяндамасы

Доклад Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан ШАПКЕНОВА С.Ж. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САФИНОВ Қ.Б. 3

НҰРЖІГТОВА Д.Ө. 3

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі А.Ж. ҚАПБАРОВАНЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке КАПБАРОВОЙ А.Ж.

Сөз сөйлеген:

Выступила:

ҚАЛТАЕВА Л.М. 5

Депутат М. БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БАҚТИЯРҰЛЫ М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 6

Депутат Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы


Депутатский запрос депутата НУРАЛИЕВА А.Т. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 7

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева